

АӘГІЛІ АДАМДАР



Фарида  
ШӘРІПОВА







---

ӘЙГІЛІ АДАМДАР

# Фарида ШӘРІПОВА

ББК 84 Қаз 7-4  
Ш 23

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

**Жобаның авторы және кітапты баспаға дайындаған  
Бөпежанова Элия Қахарманқызы**

**Ш 23 Фарида ШӘРІПОВА.** Алматы: “Өнер”, 2006. — 152 бет + 48 бет жапсырма.

**ISBN 9965-768-41-2**

Бұл кітап – көрнекті сахна жүлдзызы және киноактриса, халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтардың иегері Фарида Шәріпова әлемі біртұтас сөз болып, қарастырылатын, театр өнеріндегі парасаттық бастау қатарынан табылатын хас шебердің рухани-эстетикалық және адами әлемін зерделеуге, сол арқылы Тұлғалық болмысын тануға бастайтын алғашқы толымды еңбек, ұжымдық еңбек.


Кітапта Шәріпова өнері туралы замандастары, әріптестері, белгілі суреткерлер, өнертанушылар, журналисттер сөйлейтін және Шәріпованың өзі замандастары, әріптестері, суреткерлер туралы ой толғайтын материалдар; актрисаның өз мұрафатынан және М.Әуезов театры музейі қорынан алынған фотосуреттер мол топтастырылған.

Кітап өнерсүйер қауымға, өнертанушы жастарға, сондай-ақ қалың оқырманға арналған.

**ББК 84 Қаз 7-4**

**Ш 4702250201  
00(05)-06**

**ISBN 9965-768-41-2**



**© Өнер, 2006**

## **Алғысөз орнына**

Фарида ШӘРІПОВА. Халыққа, өнерсүйер таңдаулы қауымға белгілі есім.

Оның жарты ғасырға жуық уақыт ішінде Қазақтың Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасында сомдаған көркем бейнелері, сондай-ақ киноэкранда жасаған кейіпкерлері де миллиондаған көрерменге жақсы таныс.

...Еңлік, Жәмилә, Қарлыға, Ажар, Толғанай, Ақбала, Донна Анна, Миранда, Елена Андреевна, Медея, Иокаста, Фарида... Осы және өзге де көптеген бейнелерді сомдаған актриса халқының сүйіктісіне айналды.

Фарида Шәріпова менің де сүйікті актрисам. Оны алғаш рет 1974 жылы театрдың Жамбыл, қазіргі Тараз қаласындағы гастролінде О.Бекеевтің “Құлыным менің” драмасы бойынша режиссер Қадыр Жетпісбаев сахналаған қойылымдағы спектаклінде Анар бейнесінде көргенмін. Содан бері Шәріпованың әрбір жаңа рөлін және ол қатысатын спектакльдердің бірін де қалдырмай көргендер, көретіндер қатарынанмын. Кейінірек “Қазақ әдебиеті” газетінде Шәріпова туралы бірнеше мақала жариялаған жайым бар. Ал, 1993—1998 жылдар аралығында М.Әуезов театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткенімде театр өмірін, ұжымын, актерлердің болмыс ерекшеліктерін, рөл жасау процестерін, тіпті мінез-құлықтарын да іштей көріп-білгендеймін. Сонда — Фарида Шәріпованың сахнада ғана емес, дайындық кезінде де монументальдығын, көзге онша түсे бермейтін, мейлінше елеусіздеу жүргуге тырысқанымен өнерге келгенде жанкештілігін, лидер-көшбасшылығын көрдім. Ол орындаған әрбір рөл үлкенді-кішілігіне қарамай зорайып, кеңістікті толтырып, мағына алып шыға келетініне көз жеткіздім.

Қай ортада болсын, өзінің бар екенімен, рухани күш-қуатымен, болмыс тазалығымен, түйіп айтқанда бекзаттығымен мағына тудыратын, белгілі бір өлшемдер қалыптастыратын жандар болады. Суреткер Шәріпова осы санаттан.

Өмір — өнер үстанымы толық үндес актрисаның ойын өрнегі кәсіби сахнамыздың биігін танытады. Табиғат берген таланты өз алдына бүкіл шығармашылық ғұмыры рухани ізденіс, өзін-өзі жетілдірумен, өнерге деген саф адалдықпен күн кешіп келе жатқан актриса, жарты ғасырлық биіктен көз салсаңыз, сахна өнерінің сапалық деңгейін көтерген, өз қырынан дамытқан, рухани-көркемдік ізденістердің көкжиегін кеңейткен Тұлға.

Сахна өнеріндегі құбылыш.

Соған қарамастан Шәріпова әлемі бір қарамақça ап-анық та түсінікті, қарапайым әлем. Ал, енді бір орайдан, жұмбағы мол, құрделі, астар ағыны терең әлем. Бұл кітап осы қарапайым да құрделі әлемге бастар жол деуге болады.

Енді кітап құрылымы туралы бірер сөз.

Жарты ғасырға жуық уақыт ішінде Фарида Шәріпова туралы аз жазылған жоқ. Оның өнері туралы белгілі суреткерлер, өнертанушылар, сыншылар, журналистер, сондай-ақ өз әріптестері, сахнадағы серіктестері қалам тартты. Жинаққа осы кезге дейін жарық көрген көп материалдың, қолда барының маңызды дегендері топтастырылды. Материалдардың бірқатары жинақ үшін арнайы тапсырыс беріліп жаздырылды, жазылып алынды. Бұл мақалалар, ой-пікірлер “Құбылыш” атты алғашқы бөлімде.

Өнер иесі – ой иесі. Оның дүниені көруі, сезінуі нәзік. Суреткер Шәріпованың көптеген әріптестерінен ерекшелігі – ортасына, сахна серіктестеріне театрдағана емес, өмірде де сергектігі. Оның бір көрінісі осы жинақтың “Өнер-ғұмыр – Фарида толғаныстары” атты екінші бөлімі. Актрисаның рухани әріптестері, өнердегі ұстаздары, сахнадағы серіктестері, шәкірттері, өз театры және жалпы өнер туралы ой-толғамдары енгізілген бөлімнің шырайын, әрине, өмірлік-өнерлік серігі, жұбайы, қазақ өнерінің ірі тұлғасы Үйдірыс Ноғайбаев туралы сағыныш сөздері келтіріп тұр.

Суреткер Шәріпованың өнері кезінде Кеңес Одағы көлемінде жақсы таныс болды. Актриса шығармашылығы туралы орыс өнертанушылары кітаптарында, сондай-ақ одақтық және республикалық басылым, баспасөз беттерінде талданды. Бұл дүниелер үшінші бөлімде.

Бұл кітап – суреткер Шәріпованың ұжымдық портретін жасау жолындағы қарекет. Мұндағы әрбір пікір, талдау, тіпті бейнелі сөз жинақталғанда келе актрисаның рухани әлемін түзеді. Сондай-ақ бұл кітап XX ғасырдың 60-жылдарынан бүгінге дейінгі қоғам өмірінің, оның өмір кешу формасының, бір түрі сахна өнері жолының, демек, М.Әуезов театры, актриса өнер ортасының да ұжымдық картинасы. Әрине, өзінің өнер-өмір портретін ең алдымен актрисаның өзі жасады. Сондықтан да бұл кітап оның өз шындығы мен ол, яғни актриса туралы “екінші шындық” астасқан туынды деу керек. Және Фарида Шәріповадай суреткер шығармашылығын тұтас бір зерттеу объектісі етіп алатын болашақ өнертанушылар үшін мағыналы да мықты түпнегіз бола алады деген сенім бар.

**Әлия БӘПЕЖАНОВА,**  
сыншы, мәдениеттанушы.



**ҚҰБЫЛЫС**

## **Әзірбайжан МӘМБЕТОВ**

### **ӨНЕРІ ӨНЕГЕ**

Өнерді жүргімен қалап келген жан оған біржола байланады. Өмірін өнерге, өнерін өмірге айналдырады. Мұндай құбылыс ендігі жерде бола ма, жоқ па — білмеймін. Осыны бастан кеше отырып, осы құбылысты дүниеге әкелу бақытына, біздер, “60-жылғылар” аталатын үрпақ ие болыппыз. Бұл үрпақ өнердің әр саласында еңбек етті. Олармен бірге сахна өнеріне де қоғамдық, әлеуметтік, эстетикалық небір үлкен жаңалық келді, дегенді мен емес, сыншылар, мәдениеттанушылар, пәлсапашылар айтады. Өз өнер-өмір биігімнен көз сала отырып менің олармен келіспеуге әддім жоқ.

Осы биіктен мен өнердегі әріптес-серіктестерімді, достарымды көремін. Театрымды көремін. Әрине, әңгіме ұлы Мұхан, Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы қара шаңырақ театр туралы. Өнердегі әріптес-серіктес, достарым дегенде, әрине, үлкен буын ағалар мен апаларымды, сонсоң, сөз жоқ, өзіммен қатарлас та, жасы шамалы кішілеу де әріптестерімді айтамын. Театрдың отымен кіріп, күлімен шыққан, қара нар ғана шыдар ауыр жүгін менімен бірге көтеріскен достарымды айтамын. Ұйдырыс, Әнуар, Асанәлі, Сәбитті айтамын. Сонсоң Фариданы, Фарида ШӘРІПОВАНЫ айтамын.

Фарида театрға оқуын бітірісімен келді. Режиссерлік мамандықтың ерекшелігі — актердің әлеуетін бірден танитыны. Фарида өзіне ғана тән тартымдылығымен, табиғи таланты, соншалықты алғырлығы, сергектігі, ізденім-паздығымен көзге түсті. Құрделі спектакльдерімде небір құрделі бейнелерді Фаридаға сеніп тапсырдым. Бірерін ғана атасам, Қарлыға, Толғанай, Ақбала, Елена Андреевна... Сенімім үнемі артығымен ақталып отырды. Фарида қойылымдарыма ерекше бір шарм берді. Парасатымен, сосын психологиялық терең ойынымен, партнерін соншалықты бір сезінуімен — қай спектакльдің де негізгі арқауын ұстай білді. Әдеби шығармаларды сахналаған кездері де Фариданың маған көмегі аз болған жоқ.

Досым, әріптесім Ұйдырыс екеуі жарасқан жұп еді. Олжастың “Из эпоса джигиты мчат, опаздывая лет на триста” дегеніне лайық еді Ұйдырыс. Өмірде де, өнерде де бірге жүретіндер болады. Бірақ, шын мәніндегі жарастық, бақыт осы екеуінің отбасында болды.

Ал, Фариданың өнері, өзіндік мектебі кейінгі жастарға тәлім. Уақыт өтер, қоғам әлі де өсер, сонда, мүмкін, “60-жылғылар” өнерінен дәріс оқылар. Мақтанғаным емес, “Мәмбетовтану” курсы жүрер әлі. Ал, осындай санаулы дәрістердің бірі “Фаридатану” болатынына да еш күмәнім жоқ.

*Наурыз, 2006 ж*

## **БЕКЗАДАЛЫҚ БОЛМЫСЫНДА**

**ФАРИДА, бізшे ФА-КА.**

**Үйдірыстың қойған аты.**

**Мағынасы факел, алау дегенге келеді.**

**Фариданың болмысын, биік өнерін тап басатын теңеу.**

Ол қара шаңырақ М.Әуезов атындағы академиялық драма театрына алғаш келгенде жиырмаға толмаған еді. Фаридамен М.Әуезов театрына қатар келдік, содан бері, міне, өнерде қырық жылдай бірге жұмыстас болып келеміз. Тағдыр, бұйрық шығар, Фарида менің осы театрдағы тырнақалды шығармам Т.Ахтановтың “Боран” романы бойынша қойған спектаклімде бас кейіпкерлердің бірі Жаңыл бейнесін орындағы. Фариданың басы бос кезі. Әдемі, талантты. Жігіт біткен Фаридадаға ғашық. Ол болса Үйдірысты таңдады. Үйдірыс жігіттің сұлтаны, міnez десен міnez, тұр десен тұр бар; талант десен талант. Міnezі ауыр, нағыз ер мінезді азамат. Бір есептен, “Борандадағы” бас кейіпкер Қоспанға үқсайды. Міnez жағынан Фарида Жаңылға келеді. Жаңыл рөліне Шолпан апа да бекітілді. Ол кез, 60-жылдар театрда Хадиша Бекеева, Шолпан Жандарбекова, Бикен Римовалардың дүркіреп тұрған кезі.

Өнердің жолы нәзік те күрделі. Уақыт озады, буын алмасады. Кейде, өсіреле, театрда буын алмасу процесі қындау өтетін жағдайлар да кездеседі. “Боранның” премьерасында Жаңыл рөліне Фариданы шығардым. Сәтті ойнады. Бірақ, премьерадан соң менің жағдайым “қынадады”. Онда 22 жастамын. Мәмбетов театрдың бас режиссері. Көркемдік кеңестің жиынында Шолпан апа маған қатты шүйлікті. “Бұл кім өзі?” деп жассынғаны бар жарықтықтың. “Маған не претензияң бар?— деді. Мен айттым: “Сіз қаланың әйелі, ақсүйекті ойнайсыз, бұл спектакльге, Жаңылдай кейіпкерге ол келмейді” дедім. Көп ұзамай Мәскеуге жоғарғы режиссерлік курсқа кетуге тұра келді де, оны бітірген соң да Әуезов театрына қайта оралуым қын болды... Содан Семей театрына кеттім. Бұл спектакльдің және премьераға Фариданың шығуның менің шығармашылық тағдырыма осындай бір өсерлері болған еді. Ал, Т.Ахтановтың адам жанының ішкі жарығын ашатын “Боран” романы туралы әдеби сында да бірталай пікірталас болғанын білемін. Сол кездегі сын сүлейі Асекен, Асқар Сүлейменовтің “Боранды”, ондағы Қоспанның бейнесін талдаған әдемі бір мақаласын осыдан төрт-бес жыл бұрын ғана “Болмыспен бетпе-бет” атты жинағынан оқыдым, алғаш рет жарияланыпты. Шығарманы әдемі танып-талдайды. Қоспанға жары Жаңыл лайық. Жаны таза, жүрегі ізгі, еңбектің, мейірімнің адамы, иманы жоғары қарапайым әйел. Фарида кейіпкерінің жан дүниесін терең аша білді.

Қазақ сахнасында героикалық, романтикалық бейнелер көп жасалды. Актер мен көрермен арасы алшақтау болды. Ал, актриса Шәріпованың келуімен сахнаға адами, қарапайым кейіпкерлер келді. Ол өз табиғатында өте кішіпейіл, артық ауыс міnezі, сөзі жоқ адам. Болмысында керемет бір ұстамдылық, бекзадалық бар. Онысы сахнада бірден көзге ұрмай, бірте-бірте ашылады. Фарида театрға алғашқы келген кезінен бастап-ақ екінші құрамда тұрып шығармашылығымен алғашқы қатарға шықты. Қазақтың “сарғайған жетер

мұратқа” дегеніндей, Фарида бүгінгідей шынына табандылықпен, талмай іздену, толассыз, тынымсыз еңбекпен, жан еңбегімен шыққан тұлға.

М.Әуезов театрының соңғы жылдардағы жұмысы, Т.Нұрмағамбетовтің “Ескі үйдегі екі кездесу” пьесасы бойынша қойған спектаклімде Фарида эпизодтық рөл, Ана бейнесін орындағы. Үш-ақ ауыз сөз айтады. Сонда сахна сыртындағы толқуын, жауапкершілігін көрсөніз. Сахнаға тап бір жаңа шығатын адам сияқты. Мұндай толқу жастарымыздың бойынан әрқашан табыла бермейтіні бар. Ал, Фарида “Қарағым, кішкене жоғарырақ ұсташи, болашағың сөнбесін” деген алты-ақ ауыз сөз айтады. Ал, оның салмағы, берер бүкіл атмосферасы қандай десенізші! Мұндай актрисамен жұмыс істеу режиссерлерге бақыт.

Фариданың мінезі туралы көп айтуға болады. Ол ешкімге кеудемсоқтық жасаған емес. Бір ауыз пікірінің өзінде үлкен салмақ жатады. Бірақ, өзім осы күнге дейін оның біреуге бір қатты айтқан кезін, сөзін естімеппін. Талай көркемдік кеңестерде, спектакльдерді қабылдауларда пікірлеріне ден қойсаныз – шығарманы, режиссерлік трактовканы, актерлік ойын өрнектерін сыншыдай, театртанушыдай талдайды. Мен Асқардың, Сүлейменовтің керемет талдауларына тәнті болатынмын. Онда ерекше бір табиғи талант бар еді. Ал, Фарида өз ішкі дүниетанымынан шығып, үлкен талдаулар жасағандағы ойлары өз алдына, ескерту жасағанның өзінде соншалықты бір мәдениетпен, тереңнен тартып сөйлейді.

Актриса Шәріпованың тағы бір ерекше қасиеті – ол сахнада ғажайып партнер, серіктес. Осылайша ол спектакльдің жалпы атмосферасын жасайды. Бұл орайда оны ұжымдық жеке орындаушы деуге болады. Жүйрік аттар бірге шапқанда бірден суырылып шықпай, біртіндеп алға түсіп, ең соңында өзі жеке дара келетіндері болады ғой. Фариданың сахна ойыны да осындай. Ол өмір-бақи өз терін өзі алып жүреді, өз көзіне құйылған ашы терді өзі сүртіп жүрген актриса.

Фариданың мәндайының жарқырағаны – Мәмбетовтей суреткерге кездескені. Мәмбетовтің бақыты – қазақ театрына сол кезде Фарида, Асанәлі, Сәбит, Әнуарлардың келуі. Кеңірек аядан алғанда, Фариданың және құрдастарының шығармашылығы театр өнерінің гүлдену кезеңіне; кешегі Асқар /Сүлейменов/, Сәкен Жұнісов, Қал-аға Мұхамеджанов, сондай-ақ Шыңғыс Айтматов, Қалихан Үсқақтардың қазақ драматургиясының көсегесін көгерктен кезеңіне тап келуі. Фариданың үлкен Өнердегі тілеуі жақсы. Әйткені, оған Алла-Тағала талант берген және сол таланттын аялай алатын парасат берген. Ұйдырыстай хас талантқа жар, өнерде дос бола білген, бүгінде ғұмыры театры мен Шыңғысы болып отырған жеңешеме ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыстар тілеймін.

Маусым, 2006 ж.

## **ШАМШЫРАҚ**

Өмір жолы әр алуан. Өз басым сахна өнерінің қуанышымен бірге қым-құыт қындықтарын да аз көрмеген секілдімін. Алдыңғы буын ағалар тобынан Қаллеки, Елаған, Сераған, Шәкен, Рақия, Сәбира, Шолпан, Хадиша, Сейфолла, Камал тәрізді аса дарынды өнер шеберлерімен көптеген қойылымдардың жүгін бірге көтердім. Көп нәрсеге қанықпын. Бұлардан кейінгі толқын актерлардан Үйдірыс, Нұрмұхан, Асанәлі, Сәбит, Таңат, Зәмзәгүл, Торғын, Нұкетай, Гүлжан, Рахиялармен бірге ойнап, бірге жасасып келе жатырмын әлі. Бұл жағынан армансызыбын деуге болады. Сахнада бірге ойнайтын серіктесіңің талантты болуы деген бір ғанибет! Спектакльді әзірлей бастағаннан іргетасын қатар қоян-қолтық қаласып, бірге іздесіп, бірге толғасқан серіктестің орны тіptен ерекше бөлек.

Естіп тынбай еңбектеніп, ішкі жан-дүниені терең сезініп отырып ойнау дегеннің өзі — актер шеберлігінің шындалуына орасан зор ықпал жасайтын асулар. Ұғысып-табысқан серіктесіңмен ойнау жанға да жайлы, ондайда сахнада кешкен өмірің шын болғандай, нақтылы тірлішікке тән нәрседей әсер етеді. Жаныңа жақын да ыстық сезім жүрекке шабады. Өйткені сахнада ол сен үшін, сен ол үшін ғұмыр кешуге тұра келеді. Бірінді-бірің қуаттап, бірінді-бірің толықтыра өмір кешесің. Әлдеқандай себептермен әлгі ұғысып табысқан серігіңмен қайберде табыспай, оның орнына басқа актер ойнаса, қанша ойламаймын, кем-кетігін білдірмейін дегенмен де орны толмай, спектакль әдеттегісінен төмен түсіп, кемеліне келмей жатады.

Фарида Шәрірова — менің соңғы отыз жыл ішінде өте жақсы ұғынысып жақын табысқан талантты әріптесім, талантты серігім. “Жәмилә”, “Ана—Жерана”, “Дон-Жуанның думаны”, “Белгісіз бір бейбақ”, “Вьетнам жұлдызы” сияқты қойылымдардың қай-қайсысы да қындығына төзген, рахатына бөлөнген күндерімізді еске түсірмей қоймайды.

Әлі есімде, 1959 жылдың жазы. Жаңа маусымның ашылар алды. Труппамыз түгелдей жазғы демалыстан оралып, театрға келсек, сахнада Қ.Мұхамеджановтың “Бөлтірік бөрік астында” спектаклінің дайындығы жүріп жатыр екен. Театрға жаңадан ғана келген жастардың репетициясына қызыға қарап біраз тұрдық. Алғаш театр табалдырығын аттаған балғын, балауса кезімізді еске түсіріп тұрғандай. Спектакльді қоюшы режиссер Әзіrbайжан Мәмбетовтің де қылшылдаған жас кезі. Үстінде соңғы үлгімен тігілген көк костюмі бар. Қара терге түсіп твиист билеп жүр. Басты кейіпкерлердің бірі Арыстанды ойнайтын да өзі. Үйдірыс Данияр рөлінде, ал оның сүйген қызы Жәмилә рөлінде — Фарида. Фариданы мен бұдан бұрын Өнер институтында оқып жүрген кезімнен білетінмін. Тәңіртауының арғы бетінен бір ғажап талантты қыз келіпті деген жақсы аты қалаға түгел тараған. Қытайда түсірілген “Хасен мен Жәмилә” фильмінде көргенбіз.

Шыңғыс Айтматовтың “Жәмилә” спектаклін әзірлеген тұстан бастап тіptен жақын араласып, жақсы білісе бастадық. Мен Жәмиләның адудын мінезді, шайпау тілді енесі Жаңыл кемпірді ойнайтынмын. Бұған дейін жас кейіпкерлер мен жас келіншектерді ойнаған да едім. Ал, енді жасы келген кемпір бейнесіне тәуекел жасап тұрмын. Ол кезде тақа қартайып та тұрған кезім емес. Бірақ әйтеуір реті солай келіп қалды. Әдепкіде қорқып та жүрдім. Бақсам, бұл шешімнің

зияны да болмапты. Жәмилә, шынын айтқанда, Фариданың біздің сахнамызда орайын тауып сәтті бейнеленген рөлі еді.

Фарида мен Үйдырыстың бірі Жәмилә, бірі Данияр болып ойнаған кездері сондай бір әдемі, жарасымды болушы еді. Сахнадағы тым-тырыс тыныштық есте тұр. Тамыз айының жүлдізы жымындаған тұндерінің бірі. Астық тиеген ат арбаны доғарып қойып Есболған — Сейіт үшеуі от жағып, әзіл айтып ойнап-құліп отыратын. Жәмилә мен Данияр кезектесіп, сол жолда ән салатын. Фарида қырғыздың “Есімде” деген әнін ғажап, әдемі мұнды сазбен айтушы еді. Данияр ән салғанда, соғыс жайын айтқанда, Фарида екі көзі мөлтілдеп жасқа толып отырып тыңдайтын. Аз сөйлеп, көп тыңдыратын түйік мінезді жігіт Даниярдың еркіне қоймай жүріп құлдіретін, сөйлететін еді.

Сондағы Жәмилә — Фариданың сыңғыраған үні, ерке назды құлкісі, жайдары жылы жүзі, ақша бұлттай желбіреген ақ көйлегі, қара мақпал белдемше камзолы, бір шекесіне қисайта байлаған қызыл орамалы — бәрі-бәрі күні бүгінге дейін көз алдымда. Өзіне сондай жарасып, көріктендіріп тұратын. Жәмилә рөлі Фариданың орындаудында сәтті шығумен қатар, бақытының бастауы десек те болғандай.

1964 жылы біздің театрдың Москваға үшінші рет барған сапарында, қазанның аяғында айтулы театр мамандары мен сыншылары бас қосқан қорытынды мәжілісте біздің апарған спектакльдеріміз жайында талқылау өтті. Мәжілісті белгілі театртанушы Марков ашып, өз спектакльдеріміздің қай жағынан да кең ауқыммен келгендігін айтЫП, жақсы баға берген еді. О.Н.Олидор Москваға үшінші рет келіп отырған театрымыздың осы жылдар аралығындағы өсу жолдары мен табыстарына тоқталып, труп pamыздың Хадиша, Сәбира, Шолпан, Зәмзәгүлдермен қатар Фарида, Торғын, Сәбит, Нұкетай сияқты жастармен толыққаны ерекше сүйсінерлік екенін атап айтты. Әсіресе, Фариданың жан-дүниесі толы драматизм екендігін баса айтЫП, ерекше бағалады.

Ал, театр зерттеушісі В.Д.Голубовский “коллективтерініздің күштілігіне қызыға қарадым” деп өзін сүйсіндірген біраз жайларды айта келіп, “Бұл жолы “Ана—Жер-ана” мен “Жәмилә” спектакльдерін әкелгендерініз өте дұрыс болған. Жасырмай айту керек, жас актриса Фарида Шәріпова “Потрясла временами, и за это стоило приехать” дегендері әлі есімде. Оның бұл сөздері менің күнделік дәптерімде жазулы да екен. Сол сапарда өзім ойнауға қорқасоқтап жүрген Жаңыл рөлін орындаған мен де абыройсыз болған жоқпын.

Біздің қазақ театрының бірінші тарихи кітабының авторы А.Львовтың “Бикен жасы келген рөлдерге дер кезінде ауысқан бақытты актриса” деген жақсы лебіздерін естіп қайттым. Сонымен “Жәмиләдән” бастап Фаридамен бірнеше спектакльдерде бірге ойнап, талай-талай рөлдерді сахнаға бірге шығардық. Атап айтсақ, “Ана—Жер-анада” ол — Толғанай, мен — Жер-ана, “Вьетнам жүлдізында” ол — Тхен, мен — Брет, “Қозы Көрпеш-Баян сұлуда” ол — Мақпал, мен — Құнікей, “Белгісіз бір бейбақта” ол — Нуно бике, мен — Сәйдзу хануым, “Қан мен терде” ол — Ақбала, мен — Қарақатын, “Дон-Жуанның думанында” ол — Анна, мен — Эльвира болып, сол сияқты “Медеяда” ол — Медея, мен — Сұтана, “Елеусіз қалған есіл ерде”, т.б. спектакльдерде бірге ойнадық. Фариданың талантына таңырқай отырып, оның өнердегі батылдығы мен образдарын бейнелеудегі іскерлігіне, тапқырлығына, сезімталдығына қызығасың, еңбекқорлығын көріп сүйсінесің. Шіркін, барлық жас осылай енбектенсе ғой дейтін кезіміз де жок емес.

Бір кезде Вахтангов: “Актер өз рөлінің режиссері болу керек” — деген екен. Бұл бір ұлағатты сөз. Қазір де өз рөлінің қожасы, автормен, режиссермен бірдей түсетін ойшыл, білімдар болу керек дейміз. Сол талаптарға лайықты Фарида материалды игеруде, режиссер ойынан шыға отырып образға кірудің және де оны қалыптастырудың өзінше бір тың жолдарын іздейді. Рөліне деген өз көзқарасын, тұжырымын режиссер шешімімен байланыстыра отырып, анықтап алғаннан кейін, сонысына лайықты өзін қоршаған өмірден, айналасынан, оқыған-тоқығандарынан өзіне керегін таңдай біледі. Және де сол таңдап-талғап тапқандарын өзінің қажетіне жарата білетін өте іскер, алғыр актриса. Өмір құбылыстарын терең түсініп айыра білу, таба білу, өнерпаздықтың өсуіне апарар жол болса керек, ол да оңайлықпен келмейді, бірден қолға түсе қоймайды.

Жаңылmasам, 1963 жылдың қараша айының аяғы, желтоқсанның бас кезі болу керек. Мәскеуден К.Станиславский театрның бас режиссері Л.Анохиннің Ш.Айтматовтың “Құс жолы” повесі бойынша жасалған “Ана—Жер-ана” инсценировкасын алдырып, бір кеште ұжым болып ұйысып оқыдық. Бір ауыздан ұнатып қабылдадық. Көп ұзамай-ақ Қ.Мұхамеджановтың аудармасы да өзір болды, рөл бөлінді, қаулы алынды. Іске кірісп кеттік. Спектакльдің бас кейіпкері Толғанай рөлі тәжірибелі сахна саңлағы Сәбира Майқановамен қатар екінші құрамада Фаридаға берілді. Бұл біз үшін күтпеген жағдай болды. Небәрі жиырма сегізге жаңа шыққан жас актрисаға алпыстан асқан кейіпкердің рөлін ойнау тосын уақыфадай көрінді. Әзіrbайжан өзі бас режиссер болып келгенге дейін театрдың бас кейіпкерлерін ойнап келген актрисаларға бұл оңай тимейтінін біле тұра тәуекелге барды. Сонымен режиссер арқасында Фариданың талантты ашылып, шеберлігі қалыптасты десек, артық айтқан болмаспаз деймін. Оның өзі де әр тұста зор ілтигат-ықыласпен айтып жүреді. Енді бір себебі, сахнамызда Фарида бейнелеген ана-әйелдер мен ару қыздардың дені қазақ әдебиеті мен орыс және Батыс классикалық шығармаларындағы образдар мен драмаларының басты-басты кейіпкерлері болып келуінде. Актрисаның шығармашылық өмір жолында әр тұста, әр кезеңдерге арналып қойылған спектакльдеріміздегі бейнелерін түгелдей шолып қарасақ, бір байқайтын жәйт, ол негізінен, әйел-аналардың, ару қыздардың көбіне ұнамды кейіпкерлерін бейнелеуге көп еңбек сіңіргенін байқаймыз. М.Ульянов бір сөзінде актердің тұлғалылығын да ойлау керектігі туралы айтқан. Ульяновтың бұл сөзі қай-қайсымызды болса да ойландыруға тиісті. Бұл тұрғыдан қарағанда Фарида осының екі жағынан бірдей өскен актриса, яғни, адамдық тұлғасымен де, актерлік тұлғалылығымен де өзі тендерес қатар-құрбы әріптестерінен анағұрлым үздік, ілгері өскен, өте саналы, білімдар актриса.

Айталық, “Ана—Жер-анадағы” Толғанайдың ой-санасының биіктігі, табиғи интуициясының зерделілігі, тапқырлығы, адамгершілігінің молдығы, мейір-бандылығы, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы, ойға алған мақсатын тындырмай қоймайтын табандылығы, тәзімділігі, шешендігі, қараңызшы, бір өзінің басында қаншалықты қадір-қасиет бар, қаншалықты қыры, сырьы бар! Және де бұл қасиеттерінің дені бар әйел тағдырына ортақ қадір-қасиеттер. Әсіресе, Отан соғысы тұсындағы аналар басынан өткен трагедиялық халдер. Ал енді кейіпкердің басындағы осы бір асыл қасиеттерді, Жер-анамен сөйлескендегі алуан сырларын Фарида терең тебіреніспен, толқынды сезімдермен, шынайы қарапайым табиғи нанымдылықпен өте шебер бейнелейді. Осы рөлін бірте-бірте қырлаумен, жетілдірумен тынымсыз еңбектенгеніне — міне, биыл отыз жыл.

Актрисаның мұрат-мақсатына айналған бұл жолда оның жұмсаған күшжігері, қажыр-қайраты, еткен еңбегі, төккен тері, аққан көз жасы текке кеткен жоқ, айтарлықтай жемісін берді де. Фариданың келуімен сахнамызда тың тұлғалар туды, әйел образдары жаңарып, тың қырларынан көріне бастады. Театрдың сәтті-сәтсіз кезеңдері мен сәтті-сәтсіз туындыларының тағдырына тұтастай алғанда барлығымыз да ортақпыз. Әйтсе де, Фариданың қосқан үлесі өз алдына бір төбе.

Біздің Фарида өзі ойнайтын рөлінің сыртқы көрінісінен гөрі ішкі жан дүниесінің тереңіне көбірек зер салатын актриса. Актер адам зейін қойса, бір рөлді қатар дайындал жүріп те, бірін-бірі көріп, үйреніп өседі. Тіпті қатар жасасып жүрген әріптесіңің қателігінен де үйренуге болады. Мен өзім бірге жасасқан творчестволық өмірімде Фаридадан көп нәрсе үйрендім. Зейін қойса, қадіріне жете білсе, біздің жастарға Фаридадан үйренерлік дүние баршылық.

“Ана—Жер-ана” мен “Қан мен тер” спектаклі, оның ішінде Толғанай мен Ақбала тұлғалары әр кезеңде, әр тұста ерекше туып, ерекше жарып шыққан, актер мен режиссердің де, театрдың да мерейіне айналған туындылар. Бұлар біздің Әуезов театрыныңabyroйын арттырып, даңқын Қазан, Өле (Уфа), Ташкент, Нұкіс, Бішкектен асырып, Мәскеу, Иранға жеткізген, соңғы отыз жыл ішінде Ә.М.Мәмбетовтің режиссерлігімен біздің театр сахнасында туған өзгеше құбылыстар еді. Бұл тек біздің ғана емес, бүкіл театр өнерін зерттеуші маман, ғалым, сыншылардың да, барша өнер сүйгіш көрермен қауымның да, қалың жұртшылықтың да мойындаған шындығы.

“Менің сахнада жыламайтын рөл ойнайтын күнім болар ма екен?” деп күледі ол кейде. Айталық, Ақбаланың Еламанды ұнатуын, бір сәт көңіл-күйінің Тәңірбергенге ауытқып, іштей толқыған ой арпалысын, атала ауылдың ортасына түскенде көрген қысымы, олардан жиреніп, жан түршігуін, жек көріп тұңілуін, сезім иірімдерін, көңіл-күйінің, лебізінің әр түрлі құбылыстарын әр көріністің өзіне лайықты мөлшерден аспай, терең тебіреніспен шебер бейнелейді. Ордалы бай манаптар ауылының ортасында Тәңірбергеннің қиянатшыл қатігездігін көргеннен кейін барып, Еламанның қадіріне жетеді. Өзінің өтеуі жоқ трагедиялық мүшкіл халін сезеді. Адам басына түскен қайғы-қасірет оның өмірге деген көзқарасын өзгертеді, қанша мықтымын десе де, өзін-өзі қанша тежеп, ұстап, төзімділік етсе де бір ашылып, шер тарқатпай тұра алмайды. Не көзден жас болып, не шерлі сөз болып төгілері хақ қой. Сондай-ақ Ақбаланың басына түскен тосын оқиғаларға, небір қасіретті сәттерде шыққан жан дауысы мен шырқыраған үніне залда отырған көрермен қоса егіледі. Өмір толқынының қыыр-шишына көп түскен Ақбала тағдыры аянышты-ақ. Толғанай, Ақбала, Жәмилә, образдарын Фарида барынша шынайы, қарапайым табиғи нанымдылықпен шебер бейнеледі.

Фаридамен бірге ойнаған ендігі бір спектаклім жапон драматургы Моримота Каорудың Мен Дон-Ук қойған “Белгісіз бір бейбағы”. Фарида спектакльдің бас кейіпкері Нуно бике Кейді, мен Суцулидің сауда сарайының қожасы Сейдзу ханымды ойнадым. Біздің бұл кездесуіміз де сәтсіз болған жоқ, талантты режиссер Мен Дон-Укпен шығармашылық бірлікте жақсы тіл табысып, ұғысып жұмыс істедік. Ол алғыр да тапқыр, талантты режиссер болатын. Біздің актерлер де қамшы салдыртқан жоқ. Ол кісімен жұмыс істеген уақыттың қалай өткенін де білмей қалатынбыз, репетицияны қызу да қызықты өткізетінбіз.

Жәмилә, Толғанай, Ақбала сияқты барынша реалистік жарқын бояулармен жазылған образдарды Фарида шынайы, табиғи, қарапайым нанымдылықпен

бейнелеген болса, романтикалық планда өлеңмен жазылған эпикалық спектакльдің кейіпкери Қарлыға — Фариданың орындауында өр мінезді, қаталдығы да бар, оның кейде бір сәл қырылмен шығатын зілді сүкіңді күлкісі, сұсты келбеті, жас батырдың бейнесін танытады. Сайыста қылышкер, қымыл-қозғалыстары шапшаң да сымбатты. Қобыландыға деген маҳаббаттың әке мен ағаға семсер сілтеткен күшін, еркіндік іздеген арманшыл ойлар толқынын, жастық жалынымен, отты үтқыр сезімталдықпен көрініс сайын әсерлендіріп, құлпыртып үлкен шабытпен ойнайды. Соңғы көріністе Құртқаның сұлулығын, Қобыландыға деген мәлдір таза маҳаббатын көріп, жар қадірін қасиет тұтып, өз маҳаббатын өз ішінде тұншықтыру батырлығына қоса кемел кеменгерлігін де танытады. 1946 жылы қойылған “Қобыланды” спектаклі идеялық бағыты мен тақырыбы тарихтың ерлік беттеріне, халықтың тәуелсіздігі үшін құресіне арналған. Оны С.Штейн мен Қ.Бадыров М.Әуезов драмасының негізіне сайқағарман романтикалық поэма ретінде қойған болатын. Қобыландының қарындасты Қарлығаш пен жас батыр Шуақтың тойында сахна толған халық, алқақотан отыра қалып би биленетін, жыр толғанып, халық ойындары өтетін. Өнердің үлттық бояулары басым болатын. Зұлымдық иесі мыстан кемпір Көклан майталман сахна шебері Сәбираның сахнамызда сәтті шыққан рөлдерінің бірі еді. Бірінші көріністе Қобыланды мен Құртқаның алғаш кездескен сәтінде Көклан қол көтеріп, әмір етсе болды, ертегі аңыздарындағыдай биік қақпа жартас қақ айрыла кетіп, ортасынан ақ жүзі айдай әмбеге бірдей болып Шолпан — Құртқа шығатын. Бұл — Қобыландыны ойнаған Шәкеннің де, Қапанның да, Қарлығашты ойнаған Хадишаның да творчестволық өсіп-өрлеп, нағыз бабындағы кездері, соғыс жылдарының ауыртпалығын кешкен халықтың еңсесін бір көтеріп, қуанышқа бөлеген туындылары мен тұлғалары еді.

Бұл пьесаны бірнеше режиссер қойса, әрқайсысы өзінше түсініп оқиды, өзінше көреді, өзінше шешеді. Бір театрда сәтсіздікке ұшыраған пьесаның енді бір театрда ғажайып өнер туындысы болып керемет табыспен жүргі мүмкін. Ал, кейде бір театрдың өзінде бірнеше жылдан кейін қайта қойылып, басқаша бір тың шешіммен жаңа қырынан көріні мүмкін. Бұрынғысынан төмен, нашар қойылуы да мүмкін. Драматургиясында қанша керемет болғанымен, әр образ суреткерлікпен ашылып, шешімін таппаса, характерлері дараланып тұрмаса, эстетикалық ләззаты да, идеясы да құрдымға кете барады. Шынайы өнер туындысы талантты режиссердің қолына түссе, қандай да болмасын бір жаңалық әкелері хақ.

Кезінде Ғазиза мұзыкасын тез әкеле қоймай, біраз уақыт “Электраның” музыкасымен репетиция өткіздік. Ә.Мәмбетов бұл қойылымда актерлардың салқынқандылықпен баяу басып, “жаяу жүріп” ойнауға болмайтынын қатты ескерткен. Шамырқанған ыстық сезімдермен ойнауды талап етті. Ең жоғарғы “градуста” тірлік етуге үйретті. Әзіrbайжанның бұл талабын Қобыландыны ойнаған Ұйдырыс пен Әнуар да, Фарида да ақтады.

Фарида ойнаған Елена Андреева (“Ваня ағай”) Чехов шығармаларының ішіндегі көп қырлы, жұмбақ сырлы әйелдерінің бірі. Тал бойының бір міні жоқ. Сымбатты сұлулығына қоса бойында ыстық шоқтай жанып жалындалп тұрған оттылық та бар. Өзін жүрттың бәрі сүйеді, бәрі үнатады, бәрі қадір тұтады. Қалтқысыз беріле құлап сүйеді. Тіпті, әмір бойына сүйіп табынып өтулеріне бар, анда-санда алыстан болса да көріп жүрсе болғаны. Және де тек оның тал бойындағы сырт сұлулығы үшін ғана емес, оның ішкі жан сарайында басқаға бітпеген бір ерекше жылдылық, ізеттілік, мейірімділік тәрізді адамды еріксіз өзіне баурап әкететін ізгі қасиеттері үшін табынатын сияқты. Оны біз Ваняның

“Бақытым да, жастығым да, өмірім де бір өзіңізсіз, тек жүзіңізге осылай қарап, үніңізді естіп жүрге рұқсат етсеңіз болғаны”, — деп қылышпайт айтқан сөздерінен байқаймыз. Еленаның рөлі, былайша бір қарағанда онша керемет те емес сияқты көрінеді. Ал енді тереңірек үңілсек, тіпті де олай емес екен. Кезінде Петербург консерваториясын бітірген сүйкімді, сұлу бикеш орта жасқа келген атақты ғалым, профессорды сүйіпті. Бүкіл студент жастар мен жоғары төрелер, ақсүйектер қауымын түгелдей аузына қаратқан адамның бірте-бірте бірге тұра келе, зайдыбының көз алдында жағымсыз нашар жақтары ашыла бастайды. Алдамшы бақтың баянсыздығы байқалады. Серебряковтың рухани күйреуі, кәріліктің өзімшілдігі, қызғанышпен дамылсыз қыжырта беретін қазымырлығы Еленаның көз алдында ерінің бұған дейінгі бар жақсылықтарын жуып-шайып бара жатқан тәрізді. Сонысына ерегіскенде оған тұрмысын өзгертуіп айрылысып кетпесе де, біреуді сүйіп-ұнатуына ешнәрсенің бөгеті жоқ еді ғой. Бірақ Елена — Фарида оған бармайды. Ар-инабаты жібермейді, сол үшін де күйзелісте. Ал Ваня ағай болса, Еленаны осы кесімі үшін де есі кете өлердей сүйіп қалады. Астротовтың да бұл үйге бар жұмысын, қара орманын тастап, күн құрғатпай келгіштеп жүргеніне айдан асқан екен.

Спектакльдің бірінші бөлімінде өз күнәсін, борышын сезумен қатар, бір сәт Астротовты көргісі, тыңдай түскісі келіп те қалады. Астрон турали Соняға: “Ол талант қой, сен талант дегеннің не екенін білесің бе? Талант деген батылдық, еркін ойлайтын ақылды бас, кеңге құлаш сермей алатын қарымдылық”, — деген сөздерінен байқаймыз. Бірінші көріністің соңында тұнгі шырақ түбінде жылап тұрған Фарида — Еленаның есіне нелер өкінішті ойлар түспей тұр дейсіз? Іштегі буырқанған шері жас болып төгіліп тұрған жоқ па?! Ол Астротовты көрсө болды, өз-өзінен мазасы кетіп, дегбірсіздене бастайды, сол бір өзін іштей қинап жүрген азаптан, мазасыздықтан арылу үшін де Соняға махаббатын қимақшы болады. Ал, түптеп келгенде, оның аты өзін-өзі алдау ғана. Соня үшін махаббатымды қидым деп өзін-өзі алдаусыратады. Соняға өзінше қайырымдылық жасамақшы,

Әнуардың Ваня ағайы кегі бар, ызалы, айналасындағы кереметтін деп жүргендерден өресі биік тұрған тұлға. Бар мүмкіндігі, бар таланты орнымен пайдаланылмай, еңбегі зая кеткен адам.

“Менің сүйікті ағатайым” спектакліндегі әріптеріміздің, оның ішінде Фарида мен Әнуардың кейіпкерлерін көріп отырып, Чехов шығармаларын ойнағанда, актер жаны түгелдей от алмаса, өз рөлі арқылы өмірге деген түсінігін, көзқарасын ашып анықтай алмаса, шынайы сезінбесе, әсіресе, психологиялық жанрдағы спектакльдерде образ жасау оңайлыққа түспейді екен-ау деген ойға келесің. Басқа авторларды ойнағанда, рөлінің харakterін тауып, кәдуілгі қарапайым өмір шындықтарымен бірдеңе ғып шығуға болатын сияқты еді. Ал енді Чехов шығармаларын ойнағанда анау-мынау тәсілдер мен жасанды құлықтарымыз өте бермейді екен. Бұл спектакльді біздің театр өнеріндегі бір үлкен жаңалық еді, кесек туынды еді деп айтуға толығынан хақылымыз. Егерде қанаттандырған өткір сезім, ұшқыр қиял, терең ой Ә.Мәмбетов қойылымында режиссерлік өзіне лайық шешім таппаса, көрерменді еліктіріп, өзіне баурап әкететін Фарида, Әнуар, Үйдірыс, Сәбира, Хадиша, Шахан, Рақия, Тілектес, Тұңғышбайлар талантының қуат-күші болмаса, бұл мұндай дәрежедегі қойылым бола алмас та еді. Көптеген орыс театрларының өзінде небір майталман шебер режиссерлар, “мен — мынау” деген авторлардың өзі Чехов шығармаларынан құлап, сәтсіздікке ұшырап жатады. Соған қарамастан Ә.Мәмбетов қойған “Менің сүйікті ағатайым” спектаклі Мәскеу жүртшылығы мен театр мамандарының алдында жоғары бағаланды. Өзім өсіп-өнген театрымның, бірге

жасасқан әріптерімнің бұл өнерін қызықтай отырып, оны зор қуанышпен мақтан етемін.

Бұл күнге дейін алуан түрлі әйел қауымының өмірінің, ой-арманын, мақсаты мен қуатты әрекетін жан сұлулықтарын сахна төрінде сан қырынан сомдап келген Фариданың әлі де талай образдар әкелетініне күмән жоқ.

Төле би баба: “Әйел жақсы болмай ер оңбайды, ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел”, — деген. Біздің Үйдырыс жағасы кірлеп, үсті-басы тозыңқырай, жүдеулеу жүрген бір кезінде Фариданы тапты. Үйдырыс екеуі өнерде қатар түсетін, өнер жолының қызығы мен қындығын бірге кешетін айнымас дос, адал жар болды. Үйдырыстың көзі, өмірінің жалғасы Шыңғыстай ұлының анасы. Дастанханы мол, қолы берекелі, үйдің берекесін келтіріп отыратын жары болды. Ерін ел сыйлайтын ер етті, абыройға кенелтті, атын шығарды. Фарида Үйдырыстың өнердегі жеңісіне қуанып, сәтсіздігіне бірге қайғырды. Кемшіліктерін көрсе, ренжітіп алмайын деп бабын тауып ақыл-кеңес беретін, жәрдем ететін, ел сыйлайтын талантты ердің бабын тапты, өзінің еңбекқорлығымен, іскерлігімен, ақылдылығымен патшадай күтті. Үйдырыстың рөлсіз қалып, ой түйігіна тірелген сәттерінен алып шығатын да Фарида еді. Фарида далада ат ойнатып, үйде құрт қайнатқан нағыз іскер, батыр ана, актриса. Үйдырыстың бақытына келген әйел. Енді ол ерінің артын күтіп, ұлын оқытып, шаңырағын ұстап отыр. Үйдырыстың басына орнатылған белгіні де өз қаржысына орнатты. Ұ.Ноғайбаевқа Талғардан мектеп аты берілді, қаладан көше берілмек, соның бәрі де Фариданың қадағалап, соңында жүруінің арқасы.. Актрисалар жасы өнердегі өмірімен саналады. Өзі келген өрелі жасы мен торқалы тойы алдында әріпtes сіңліміз Фаридаға зор денсаулық, творчестволық табыс тілейік.

“Егемен Қазақстан”  
12 қараша, 1996 ж.

## Әбдіжәміл НҰРПЕЙІСОВ

### ШЫРҚАУДА

Фарида Шәріпованың М.Әуезов атындағы  
академиялық драма театрында өткен  
шығармашылық кешінде жасалған баяндама

Зиялы қауым! Білем!.. Білем ғой, осында отырған қай-қайсысының да үйде де, түзде де шалғайдан тартқан талай шаруасы жатыр. Бір бүгін бе, бұдан бұрынғы кездері де пакыр пенденің арқасын кенге салып, бел шешіп, жайбаракат отырған кезі сірә да болматты. Мандайға жазған қос уыс тірлікте осы мына бар болғыр дүниенің бас-аяғын түгендеймін деп қаншама табаннан таусылса да, жұмыр басты пенденің әсте бір ісі ілгері баспай, арман мен үміт ылғи да алдаусыратып, ылғи да қызыл тұлқідей көз ұшында бұландалап, қашанғыдан бұрын жүйке құртып, жігерінді жүндеп титыққа жетіп болмаушы ма еді? Күйкі тірліктің күйбені таусылмай, жағаласпен, жанталаспен күн өткізіп жүргенде, айтыңдаршы, басқаға мойын бұрмақ тұрсын, Сіз бен Біз, әрі-берідесін бір-бірімізбен бір тұндік астында бас қоса қоймаушы едік.

Ал, бүгін... Бүгін әлдебір құдірет баршаңызды орындарынан бір сәтте дүрк көтеріп, осында әкеліпті. Бұл, әрине, өнердің, өнер деген бір құдіреттің күші.

Ал, соған таңдануға бола ма? Осынау жарық жалғанда қай кез, қай заман, қай қоғам тарихына көз жіберсеңіз де, адам баласы тек таққа ғана табынып па еді? Рас, шыбын жан не істептейді. Қайсыбір сүмпайы заманда тақ алдында құлдық үрса үрған шығар, тек табынған жоқ еді ғой. Өзін сыйлаған адам қашан да өнерді сыйлаған. Өнер иесі талантты сыйлаған. Талантты Тәнірінің тап өзіндегі сыйлап, табынса тек талантқа табынған. Айта берсе, Сіз бен Біздің ата-бабамыз ат жалы, түйе қомында күн кешкен заманда да ауыл үстіне өн, күй келсе арқасы қозып, ішкен асын жерге қоя сала жүгіретін; керек десек, кеше “мың өліп, мың тіріліп” жүріп те тағдырдың тепкісін көрсө көрген шығар, бірақ құл болып қеудесін ешкімге басқызыбаған өр халық өнер дегендеге ықылас-ілтипаты ерекше болатын. Дүбірлі жерде делебесі қозып шыға келетін қазекеңнің қай баласы шын намысқа басқанда, керек десе, тірлігіне талшық қып отырған төрт түлікке де “құлағын ұрайын”, — деп қолын бір сілтеп, жылқышы жылқысын тепсендеге қайырып тастап, қойшысы қойын үй іргесіне иіре салып шаршы топқа түсіп кететіні қайда? Сонда, ол қамшысын ортаға тастай сала бір ырғалып қойып, құдай берген қызыл тілді безеп, саңқылдап сөйлеп кеткенде, о, тоба, құрым үйдің төбесінде тұндік желкілдеп тұрмаушы ма еді? Аруағынан айналайын сол ата-баба әліпті таяқ деп білмесе де, құдай өзіне о баста тумысынан берген құр зерде, құр зейілмен де жұмыр жердің бас-аяғын шолып, өз сырын өзі үрлап жатқан тылсым дүниенің түбіне сұңғіп, тереңінен маржан теретін. Сонда, дүниенің төрт бұрышындағы құбылысты көріпкелі бардай көкірекпен сезген сол ата-баба әрбір құбылысқа ат қойып, айдар таққаны былай тұрсын, тіпті сол құбылыстың сырь мен сипатына топшылау жасауға да тәуекелі жетіп, ой мен сөзден түйін түйетін. Басқа елдердегі кейінгі ұрпаққа сәулетті сарай, ғажап ғимарат қалдырmasa қалдырмаған шығар, бірақ бауырынан өрген бар-бар ұрпағын өнерге баулығаны ақиқат. Исі қазақ қауға мен құрықтан қолы сәл босаса сары даланың өзін сахнаға айналдырып, қыз-бозбала ауыл сыртында таң атқанша тұн қабағы бір жабылуши ма еді? Халық басына ақырзаман төнсе де, елге сері, салдар келіп, жыраулар келіп күнді тұнге соқтырғанда осы жұрт әлгінде иілген еңсені әп-сәтте көтеріп алушы еді! Қазір, міне, нарық шықты, парықсыздар болып бара жатқан мына заман жұртты қай бір айдарынан жел ескізіп қойып еді. Бозала таңнан базар жағалап, ана жердегі опыр-топырда, мына жердегі опыр-топырда басқа жұрт қалтасы қалыңдап, қазысы қалпақтай бол балпанактанып шығып жатқанда, қайдам, жұз саулықтан жұз елу қозы алғаны болмаса, өмірі тиын сауып көрмеген біздің кісілер әлгі опыр-топырлардан жағасы жыртылып, түймесі үзіліп, қолындағы барлы-жоғынан айырылып жатпаса не қылсын... Шынында да, осы жұрт дәл бүгін де Тәнірінің сараң қатынның қолымен тауыққа шашқан тарыдай тақ-тұқ ырызық-нәсіпті теріп, құлқынның құлы бол боп кетпей, құрдай дес бергенде, өнерді сүйеттін осынша қауымды қара шаңырақ астына жинап бас қосқызып қойған өнер атаулыда, асылы, қандай да бір сиқыр күш бар. Әйтпесе, тапқан-таянғаның бұрын дастарқанға салатын жаны жомарт сорлылар енді қазір бозала таңнан қолға іліккен оны-мұнысын көшеге ала жүгіретінді әдетке айналдыра бастаған мына құлқы бұзық заманда Маркс айтса айтқандай, сананы, шынында да, тұрмыс билеп, бұлар да өнерге қолды бір сілтеп көшедегі опыр-топыр арасында “Кому водка? Кому носки?”, — деп қақсан, қақтығысып-соқтығысып жүріп алса қайтер едік? Айтса да халық тек тиын сауып, ындын мен құлқынның құлы бол кеткен жағдайда парасат әлемінде болып жатқан ақ ордасын көйтсін! Олар дәл бүгін, желтоқсаннның дәл мына оныншы санында сахна өнерінің көгіне шырқап шығып алып, енді міне өздеріңнің көз алдарында күні кеше Қалекен, Құрекен, Сераған, Елағандар қолдасып көтерген қасиетті

қара шаңырақтың қақ төрінде, құдды көп жүлдyz арасында дараланып оқшау тұрған Таңшолпанның дәл өзіндей, жүзіне нұр жиып, осынша жүрттың жанжақтан сұқтанбай, тек сүйсіпеншілікпен қараған жанарынан сәл-пәл қысылып іштей абыржыңқырап отырған қазақтың талантты қызының мерейтойы әлгі айтқан құлқыны бұзылып бара жатқан жүрттың миына қайдан кіріп шықсын.

Жә, ондай күннің бетін бізден аулак қылсын деп тілеп, әңгімені бүгін баршамыздың басымызды қосып отырған халқымыздың аяулы қызы Фарида Шәріроваға арнайық. Фариданың аттай қырық жылы сахнада өтті. Осы жылдарда ол жүзден астам рөл ойнапты. Қазақ, қырғыз қыздарынан басқа тағы талай халықтың, ел-жүрттың айтулы арулары актриса таланттына қоңыпты. Мына біз болмысымдағы барлы-жоқ қасиетті бір терінің ішіне әрең сыйғызып, аяқ жолымызды әзер-әзер алып жүрсек, актриса Фарида сонау сыры мен шындығына ой түгіл, әрілесе қиял жете бермейтін көне заманнан бастап күні бүгінге дейін адам баласы өмір кешіп келе жатқан қыруар көп-көп қыздардың бәр-бәрінің терісіне бір-бір кіріп, тамаша образдар жасапты. Және жай кіріп шықпаған. Әне бір Тәңірден “манғайма бармақтай бақ бер”, — деп тепсініп тенденциялық сұраған ару қыздардың арман жолында бәйгеге бас тіккен талай-талай күресте от пен судай шарпылысқан сезімін өз жүргінен өткізіп, арпалыс алыш-жұлысын айна-қатесіз аудармай қайталап, тап қазір өзі отырған мына сахнада небір күрделі сұңғыла образ мүсіндеген актриса. Бұл ретте арнайы тоқтайтын мынадай жай бар: актриса есебінде Фарида әлдебір сезіммен, әлдебір өткінші көңіл-күймен шектелетін, сөйтіп бір импульсті ғана алып шығатын бір қырлы талант емес. Фарида көп қырлы талант. Сондықтан қай жанрда, қандай драмалық шығармаларда ойнаса да, біз білерде, оның он жамбасына келмей, осқырына, жатырқай қараған жат рөл, жат жанр болмапты. Сіз, егер, актрисаның әлгі біз айтқан көп қырлы таланттың табиғатын таразылап байқап көргініз келсе, оны байырғы драмалық пьеса тұрсын, әрілесе комедия, трагедия жанрына салсаңыз да нағыз шаппай бер, жүлдегер болады да шығады. Жаңа біз актриса қырық жылда талай халықтың ару қыздарын ойнады дедік. Қызығы, сол аурлар өмір сүрген орта әр басқа. Олардың ұлты да басқа, бөлек. Тілі, діні, басқа, бөлек. Мінез-құлқы болса-болмаса да бір-біріне ұқсамайтын мұлде кереғар, басқа. Айта берсе, Фарида ойнаған сол арулардың әйелге, әйел затына тән ерек шіркіндердің аузынан сұы құрып айта беретін әне бір қылышы, назы, темпераменті екеш темпераменті де бір-біріне ұқсамайтын кереғар, басқа.

Бір қалада тұрғасын күнде болмаса да, сәті түсіп Фаридамен айында, жылында кездесіп қаламыз. Соның бәрінде де ол баяғы біз білетіндей бір қалыпта. Аяқ астынан ойда жоқта ұшырасқасын ба, ә дегенде, ол шығыс әйелдеріне жарасымды ұян, жүзін саған күлімсірей бұрады; таңданғаны ма, әлде осы кездесуге қуанғаны ма, белгісіз, қытайы қыық көздің қараышын шоқтандыра кірпік астынан жалт қарап, тіл қатпас бұрын әуелі жүргінді дір еткізе сыңғырлай құліп алатын, әдепті десен әдепті, ибалы десен ибалы актриса, қалайда әйтеуір сол арада саған әйел екенін сездіріп бағады. Соған қарап, соныра сахнаға шыққанда да, әлгі бет моншағы үзіліп тұрған бып-биязы мінезді ойнайтын шығар деп қаласыз. Жоқ, қателесесіз. Мәселен, Әуезов пен Мұсірепов пьесаларындағы Фарида ойнаған әйел образдарын алалық. Қазақ әдебиетінде бір кез, бір дәуірде қатар өмір сүрген сол қос қоңырдың құдіретті қаламынан шыққан қазақ қыздары тағдырының түп астарына бойламай, бер жағынан, тек әлеуметтік тұғырдан алып қарағанда, бәлкім, бір-біріне ұқсап қалатын ортақ жай болса болар; бірақ олардың оқушы санасында қашаннан қалыптасқан

әдеби образ есебінде мінез-құлқы мен әйелдік темпераментіне бір-біріне мұлде ұқсамайтын кереғарлық қанша. Өзіне өмірбақи қатты талап қоюдан танбаған актриса әлгі рөлдердің қайсысын ойнаса да “ой, несі бар”, — деп жеңіл-желпі қараған жері жоқ; соның бәрінен де, ол қайта көш соңында жетекке ерген ботадай көп дүрмекке ілесіп, өзінен бұрынғылардың шылауына еріп кетпей, қыын да болса өнер әлемінде өз сүрлеуін салуға талпынды. Әдетте, өнер адамын арманына жеткізсе жеткізетін азапты жолдан қашқан жоқ. Соның арқасында үздіксіз тебіреніс, ізденіспен өткен қырық жылда өзі ойнаған жұзден астам рөлдің бәріне жүректегі жалын мен бойдағы бар-бар қабілетін аямай, өмірін өнерге арнаған қайсар, өжет актриса. Сондықтан болар-ау, ұмытпасам, 50-жылдың аяғында ту Шыңжаннан келген қаршадай қызы Ноғайбай қарттың қара шаңырағына келін бол түсердің алдында бірер жыл бұрын осы театрдың есігін алғаш имене ашқан күннен бастап күні бүгінге дейін жұрт назарына ілінбей, қақас қалған жері болмапты. Шыңжаннан келетін сол қаршадай қызы қырық жылды артына салар-салмаста, бүгін, әне, ұлттық өнеріміздің абыройын ұстап тұрған Академиялық театрдың қақ төрінде атақты апалары Хадиша, Бикен, Шолпандармен иықтаса жота көрсетіп, өнер әлемінде жұрт назарына шалғайдан шалынатын санаулы әсем биік шынардың бірі.

Өздеріңізге белгілі, драматургиясыз — театр тұл, актерсіз болса-болмаса да сахна өнері өркен жайған емес, ал қазақ әдебиетінде драматургия жанрының алғаш қанат қаққан қарлығашы да, көзі тіріде әлемдік биікке жеткізіп кемелдендіріп кеткен заңғар классигі де Әуезов Мұхтар, Мұсірепов Ғабит. Осы қос қоңырдың қаламынан шыққан “Еңлік—Кебек”, “Қозы—Баян”, “Қарагөз” бен “Қарақыпшақ Қобыландыдағы” басты әйел рөлдерінің бәрін Фарида ойнапты. Соның қайсысын ойнаса да, Фарида өзінен бұрынғы сахна шеберлері кезінде әрқайсысы әр қырынан сомдаған образдардың ешқайсысына ұқсамайтын, тек рухани ізденіс үстінде өз нұрымен нәрлеп, өз сезімімен шындалп суарған шыншыл сұңғыла образдар.

Өмірін өнерге арнаған суреткер жолы оңай болды дегенді өз құлағым естіген емес. Фарида да, сөз жоқ, шеберлік сөз болған бір тұста академик жазушы Зейнолла Қабдолов айтса айтқандай, ар-ісінің азабына пейіл бол тәуекелге бел байлап барғаны ақиқат.

Қадірлі қауым, өз басым стол азабының қандай болатынын білсем де, сахна азабын бастан кешіп көргем жоқ; бірақ үйде отырып та өмірден өнер жасайтын сұңғыла суреткер үшін әлгі Қабдолов айтқан ар ісінің азабы қандай болатынын көкірек шіркін сезеді. Оны дәлелдеу үшін тарихты қопарудың қажеті жоқ; теңіздің ашылығын білу үшін бір тамшының дәмін татып та көзді жеткізуғе болатыны сияқты, кезінде дәл осы театрдың алыптар болмаса, екінің бірінің қолы жете бермейтін актер шеберлігінің шырқау биігіне айналған бір кішкентай штрихты естеріңізге сала кетейін. Оны өздеріңіз де білесіздер. “Еңлік—Кебекте” әне бір қабырғасы қайысқан тұста Абыз қарияны ойнаған ұлы актер құшағындағы қара қобызға күнірене үн қосып отырды-ау. Сонан бір кезде өзегін өртеген ақ жалын ардағынан ақтарыла “О, беу!” — деп қойып, іле-шала еңсесін көтеріп алып, “бәріңің де нәрің жоқ, халқым қайтып күн көрер”, — деп осы елдің сол кездегі ығайлары мен сығайлары жайғасқан алдыңғы қатарға қолын сермей бір жайпап өткенде, естеріңізде болар, әлгі бастықтар үстіне құдды ыстық су құйып жібергендей бейшара бол бүрісе-бүрісе қалатын еді ғой.

Жасыратыны жоқ, осы күнгі басшы балаларға біздің де ырза бол өліп бара жатқанымыз шамалы. Ал, бірақ... Абыз қарияның көкірегін өртеген әлгі ыза біздің де аузымыздан қысқа күнде қырық айтылып жатса да, шыбын шаққан

құрлы әсер етпейтіні не? “Айналайын”, — деп ойланып қаласың. Тосылып біраз отырасың. Соңан бір кезде басыңа тосын ой келеді: осы жүрт айта беретін талант араласқан жерде не нәрсенің де өні өзгеріп өнерге айналып шыға келетін әне бір оқшау құбылыш осы болар-ау, сірә?!

Берегірек келгесін Фарида Шәріпованың актерлік таланты әр қырынан көрініп, диапазоны кеңіп, шеберлік қабілеті кемелденіп құлашын кеңге сала бастады. Қазақ репертуарларымен бірге ол енді әлем сахнасын дүрілдетіп жатқан не бір атақты рөлдерде де ойнады. Әсіресе, Макс Фриштің Мирандасы актриса талантының жаңа қырын ашып, кезінде көрермен қауымды қатты таңдандырған үздік шеберлік әлі есімде. Өмірді ойыншыққа айналдырған жеңіл жүрісті әйелді ойнағанда, артығы-кемі жоқ, сол ана ортағасырлық Еуропаның астымен алысқан нағыз жезекше сайқалы андаусызыда арамызға кіріп кеткендей. Бұл Еуропа емес пе; атусті сартыл-сұртыл тұрсын, тіпті жар төсегінде де бес қару белінде жүретін рыцарьлар мен қалталы шонжарлардың қойның құрғатпайтын нағыз сарыала етек. Әне, қыруар жүрт көз тіккен сахнада қырық айлалы қылышпен сол заманың небір талтандаған тәқаппар еркектері ноқталы баспақтай көзінен тізіліп, Миранданың оттай ыстық құшағына құлап түсіп жатыр. Мына жақта отырып, қыруар жүрт ес-түсінен айырылған. Бүкіл тұла бойында абыройын ғана жапқандай алақандай лыпаны іле салған әйелді ойнағанда, әлгінде шымылдық ашылардың алдында ғана өзімізіге кездескен ибалы да инабатты Фариданың өзі түгіл, басқан ізін таба алмайсыз. Иә, әншайінде кездескенде бүйрекінді бұлк еткізетін оның қытайы қызық көзінің жанары бұл жолы бұрынғысынан көрі ерсілеу шоқтанып, тұнгі шайтан отындаған жылт-жылт ете ме, қалай? Әсіресе, әдеттегі әсем сыңғыр-сыңғыр құлқісі екеш құлқісі де бұл жолы кісі арбайтын сиқыр бірденесі мен алды-артыңа тор-тұзағын жайып-шырмап алғалы тұрған жоқ па? Сосын бүкіл тұла бойында әні-міне түсіп қалатындағы, әне бір алақандай пәлесі не? Әдетте, Фариданың үстінен көретін делиме етек көйлегін жаңа сахнаға шығарда жел ұшырып әкеткеннен сау ма?

Құрысын, түкке түсінбей, әпі-шәпі болып шығасың. Талант шіркіннің құдіретіне кісі зердесі жете берген бе. Біз тұрсын, бізден бұрынғылар да таңданып бас шайқап, тақ пен тәжге имеген тәқаппар басын талантқа иетіні, сірә, тегін бе еді? Сол Фарида енді бір кез өзінің кең құлашты талантының тағы бір қырына салып, біздің шыдамымызды сынап бағады. Бұл жолы біз де белімізді бергіміз келмей, билетте көрсетілген орнымызға жайғасып, бойдағы бар салмақты сабырға салып нығызданып бағамыз. Сөйтіп қара шаңырақ астындағы төрт қабырғаның бір жағы — сахна. Екінші жағы — зал. Сахнада актриса, залда біз. Қазір басталатын жекпе-жекте қайсысы жеңеді? Тағы да бізді актриса таланты белдесуге келтірмей, бас еркіннен айырып құйындағы үйіріп әкетпесе не қылсын?

Міне, Фарида сахнаға шықты. Бұл жолы да басты рөлде. Нәсілі бір, нәпсісі бір демесен, бірақ бұл жолы Фарида ойнайтын мына әйел басқа. Біз көретін бұл жолғы өмір шындығы да сонау көне грек заманынан бері әлем сахнасынан түспей келе жатқан махаббат пен зұлымдықтың кәдімгі қан төкпей тынбайтын от пен судай шарпысы. Медея болса талай елдің сахна шеберлерін сыннан өткізген образ. Олардың қайсысы қай қырын ашты, қалай ашты, ол маған белгісіз. Фарида болса, жүрегіне жылан жұмыртқалаған әйел образын жасады. Алданған махаббаттың азарына шыдамай, көкірегіне қан қатқан дүлей долылықтан адам шошиды. Әрине, опасыздық, жазалану керек, бірақ қан жұтып көкірегі қарайып тұрса да, кек қайтару үшін бауырынан шықсан балаларын өлтіру, адам ақылына сыймайтын сұмдық. Ондай сұмдыққа Хая Ана анамыздан

бері, адам баласы ғұмыр кешкен тірлікте дәті жетіп барған, сірә, басқа әйел болды ма? Соны біле тұрсаң да, бір ғажабы, Фарида ойнағанда, Медея қолымен істелген әлгі сүмдыққа сен де іштей иланасың. Иланып қана қоймайсың, әрі берідесін имандай үйып бара жатқаныңды байқамай қаласың. Актриса өз шындығына сені де еліктіріп, ықпалына түсіріп алғасын, сені енді уысынан шығармайды. Бас еркінді әлдеқашан билеп әкеткен. Көз де, көңіл де бауралып, жаны ит талағандай болған қайсыбір көңілшектер қасындағыларға көрсетпей көз жасын сығып алады. Көне заманың қаталдығы сахнадан сырғанап түсіп, осы заманға біржолата көшіп алғандай. Көне грек заманынан бері екі араға қанша мың жыл түссе де, қоғам өзгеріп, заман өзгеріп, дүние асты-үстіне түсіп астан-кестеңі шығып жатса да, апрай, адам санасы өзгермегені қалай деп ойлайсың. Бәсе, адам санасының эволюциялық өсу жолында пәлендей өзгеріс бола қоймағаны қалай? Бұл несі?

Не керек, соナン қашан барқыт шымылдық жабылып, актриса сахнаның ар жағындағы өзінің әдеттегі қынама бел, делиме етек көйлегін киіп, қазық өкше қара сүрік туфлидің тақасымен тақтай еденді тық-тық басып көшеге шыққасын да, сен бәрібір атам заманғы көне грек дүниесінен әлі де болса ақықат орала алмай ол заман мен бұл заманың екі арасында ойың онға бөлініп, шыт-шыт ойыңың бас-аяғын жия алмай, екіұдай халде отырасың.

Иә, Фариданың Медеясы бізді дәл осында сен соққан балық сияқты құйге түсіреді. Біз өзіміздің әжептәуір өмір көрген жасымызға, ақ шалған дап-дардай басымызға қарамастан атақты актриса екі сағат бойы сезімінді құйындағы үйіріп, жаныңды ит талаған терідей дал-дұл қып, өзінді дауыл соққан теректей шайқалтып сілкілеп-сілкілеп алады. Бұл талант құдіреті, шамасы, сірә, танbastan талантқа табынып келе жатқаныңыз да оның дәл осы құдіретін даусыз мойындағанымыз болар.

Қазір Фарида қазақ сахнасының шырқау биігіне шарықтап шыққан, көп қырлы таланты кемелденіп толысқан шағы. Бұл жалғыз менің ғана пікірім емес, құдай біледі деп айтайын, бұл осы отырған баршамыздың көкіректе әлдеқашан қалыптасқан имандай ақықат екенін ашық айтып тұрмын. Ендеше, халық құрметтеген, өнер сүйген осынша зиялыш қауым болса, болмаса да жүргіндегі жылыштық сезімді жасырмай, жан-жақтан жаудырай қараған көз бен көңілдегі осынау шексіз ыстық ықыласқа бөлөнген қазақтың талантты қызынның алдағы ұзақ жылдарда да, өнері өрге шауып, мағыналы өмір кешкен талай-талай творчестволық қызығы мен куанышына куәгер боламыз! Тәңірден сол күнге баршамыздың басымызды аман-есен жеткіз деп тілелік! Талантты қызымыз соңыра тағы бір мүшел жасында, тағы да баршамыздың басымызды осы қасиетті қара шаңырақ астында қосып, дәл мына өзі отырған қақ төрде қытайы қын көздің астынан біздерге құлімсірей қарап отырmas дейсің бе?!

Қашан да қызды сыйлаған халық едік ғой, қане, бәріміз де орнымыздан тұрып, Жаратушы Жаппар Иеден осы тілегімізді қабыл ала көр деп көңілімізді аққа қойып, шын ниетпен тілелік!

“Егемен Қазақстан”,  
11 желтоқсан, 1996 ж.

**ТӘҢІРТАУДЫҢ ӘН ТЫҢДАП...**

(Фаридаға)

Көрінген келіншектей  
Алпысыңда,  
Дарынсың сен, көтерген халқы  
шыңға.  
Қазақтың жаралағансың өнері  
үшін,  
Жаралмадың,  
Жауығып, тартысуға!...

Үн қатып Ақтеректің  
шыңдарынан,  
Тәңіртауда ақ бұлттан тыңдадың  
ән.  
Сен жайлы өткен күндер  
күбірлейді,  
Есіліп жылы самал,  
жылдарыңнан.

Мекендең қыран ұшқан  
жақпарларды,  
Әнімен дірілдеткен шатқалдарды.  
Қолында қайың құрық,  
Қайсаң Қасен,  
Есіңнен кетер ме сол шақтар  
мәңгі?!..

Бөленген жоқсың, құрбым, тегін гүлге,  
Қуандың, тебірендің,  
Төгілдің де...  
Бөленіп жүрсөң-дағы сен бақытқа,  
Кім білсін,  
Сол күнді ойлап егілдің бе?!..

Өрледің,  
Өмір кештің әсем жүріп,  
Осынау күткен күнге әкелді үміт,  
Шыңынан Ақтеректің қарап тұр  
ма,  
Кешегі сені ап қашқан Қасен  
жігіт!..